«НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ» ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ

АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІ СЫРТТАЙ ШОЛУ САЯСАТЫ

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы
Академиялық кеңесінің шешімімен бекітілген
2016 жылғы 04. 05 № 35 хаттама

Астана
2016

1. Жалпы ережелер

1. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының (бұдан әрі – НУ) академиялық процестерін сырттай шолу саясаты (бұдан әрі – Саясат) Назарбаев Университетінің академиялық сапа тұжырымдамасының шеңберінде әзірленген[1]. Сырттай шолу НУ-да академиялық стандарттарды қолдау мен арттыру құралдарының бірі болып табылады. Осыған байланысты, ол сапаны қамтамасыз ету мен арттырудың институционалдық процестерінің ажырамас және елеулі бөлігі болып табылады.

2. Шолу

2. НУ-да халықаралық танымал академиялық стандарттарды белгілеу мен қолдауда объективті және тәуелсіз сараптамалық бағалауды қамтамасыз ету үшін тұтас сырттай шолу тетіктерінің аясы қолданылады. Олар мыналарды қамтиды:

1) берілетін академиялық дәрежеге сәйкес академиялық стандарттар мен оқу жоспарын белгілеудің сырттай бағыт-бағдарларын айқындау;

2) сырттай шолуға (индустрия саласынан, басқа да білім беру және кәсіптік ұйымдардан әріптестерді, мүдделі тараптарды және сарапшыларды) тарта отырып, академиялық бағдарламалар мен курсты бекітудің тиянақты процесі;

3) кәсіптік, заңнамалық және реттеуші органдардың аккредиттеуі;

4) НУ-дың стратегиялық әріптестерінің сырттай шолу жасауы;

5) сырттай емтихан алушыларды тарту.

3. Стратегиялық әріптестер де, атап айтқанда, жаңа академиялық бағдарламаларды әзірлеуде, қолданыстағы бағдарламаларға шолу жасауда және оларға өзгерістер енгізуде маңызды рөл атқарады.

4. Осы саясаттың түпмәтінінде «сырттай сарапшылар» деген термин стратегиялық әріптестер мен жетекші мекемелердің арасынан академиялық шолушыларды, сол сияқты жетекші халықаралық университеттерден тағайындалған сырттай емтихан алушыларды да білдіреді.

Ну мектептері бағдарламалардың белгіленген академиялық стандарттары халықаралық деңгейге сәйкес келетінін растау үшін жан-жақты сырттай шолу тетіктерінің аясын қолданады.

5. Сырттай сарапшылар да оқытудағы, білім беру мен бағалаудағы жақсы практиканы анықтауға (және кейіннен таратуда) жәрдемдеседі. Осы түпмәтінде сарапшылар академиялық бағдарламалардың сапасын ұзақ әрі үздіксіз арттыру үшін ұсынымдар береді деп күтілуде.

---

[1] Назарбаев Университетінің академиялық сапасын арттыру тұжырымдамасы (05/03/14). Құжатты my.nu.edu.kz ішкі порталынан алуға болады.

3. НУ-дың академиялық сапа тұжырымдамасы шеңберіндегі академиялық процестерді сырттай шолу

6. Сырттай шолу НУ-дың академиялық сапасын арттыру тұжырымдамасының мынадай құрамдас бөліктерінде маңызды рөл атқарады:

1) Академиялық бағдарламаларды бекіту;
2) Жыл сайынғы бағдарламалар мониторингі;
3) Академиялық процестерге мерзімдік шолу.

7. Академиялық бағдарламаларды бекіту. Бағдарламаларды әзірлеу барысында берілетін академиялық дәрежеге сай келетін академиялық стандарттар мен оқу жоспарын белгілеудегі халықаралық бағыт-бағдарларға айтарлықтай көңіл бөлінуі тиіс. Осы бағыт-бағдарлар жекелеген пән аясындағы стандарттарды[2], сол сияқты академиялық дәреженің көрсеткіштерін (мысалы Дублин дескрипторлары[3], SEEC дескрипторлары[4] немесе дәрежелер біліктіліктері[5]), Болон процесінің негізгі элементтерін (мысалы, ECTS[6]) және бағдарламаларды аккредиттеуді жүзеге асыратын ұйымдардың айрықша талаптарын да қамтуы мүмкін.

8. НУ бағдарламаларын бекіту процестері[7] сырттай сарапшылардың мақұлдау пікірлері түріндегі, жаңа бағдарламалардың мазмұны мен академиялық стандарттарға сырттай шолу жасауды қамтиды. Осы шолуды беделі жоғары танымал халықаралық университеттер (стратегиялық әріптестерді қоса алғанда) немесе оқытушы-профессорлар құрамының мүшелері мен тиісті пән саласындағы сарапшылар жүргізуі мүмкін. Академиялық бағдарламаларды бекіту нысаны[8] міндетті құрамдас бөлік ретінде белгіленген стандарттарды растау тетіктерінің бірі ретінде бағалау барысында сырттай сарапшылардың рөлін сипаттауды қамтиды.

9. Академиялық бағдарламалардың жыл сайынғы мониторингі. Жыл сайынғы мониторингтің негізгі мақсаты[9] - барлық оқытылатын бағдарламалардың және олардың құрамындағы курстардың академиялық сапасын бағалауды қамтамасыз ету; осы процесс бастапқы бекітілгеннен кейін тиісті деңгейді қолдауға ықпал етеді. Мектептер бағдарламалардың жыл сайынғы мониторингінің барысына тартатын сырттай сарапшылар мына аспектілер бойынша түсініктемелер мен ұсынымдар беруі мүмкін:

1) академиялық стандарттарды растау және қолдау;
2) бағалау процестері – бағдарламалар мен курстар бойынша оқытудың жоспарланған нәтижелерін бағалаудың тиянақтылығы мен әділдігі, сондай-ақ НУ-да қолданылатын саясаттарға, рәсімдер мен нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкестік;

---

[2] http://www.qaa.ac.uk/assuring-standards-and-quality/the-quality-code/subject-benchmark-statements)
[3] http://www.ehea.info/Uploads/QF/Bologna_Framework_and_Certification_revised_29_02_08.
[4] http://www.seec.org.uk/seec-credit-level-descriptors-2010-revised-2004/
[5] http://degreeprofile.org/
[6] http://ec.europa.eu/education/library/publications/2015/ects-users-guide_en.pdf
[7] Құжатты my.nu.edu.kz сілтемесі бойынша алуға болады
[8] Құжатты my.nu.edu.kz сілтемесі бойынша алуға болады
[9] Құжатты my.nu.edu.kz сілтемесі бойынша алуға болады

3) студенттерге ұсынылатын құжаттама (атап айтқанда, мектеп деңгейіндегі студенттерге арналған оқу құралдары, бағдарламалар мен курстар (немесе барабар құжаттар));

4) оқытудағы, білім беру мен бағалаудағы озық тәжірибе мен инновациялар.

10. Сырттай сарапшылардың пікірлер мен түсініктемелер беруі келесі академиялық жылға бағдарламалардың сапасын арттыру жөніндегі іс-шаралардың жоспарын әзірлеуге негіз болады. Сарапшыларға сырттай шолуды жүзеге асыру үшін қажетті, тиісті материал, берілетін куәліктер осы саясаттың 1-қосымшасында нақты сипатталған.

11. Сырттай олардың академиялық бағдарламалардың деңгейіне, онымен байланысты ресурстарға және әкімшілендіруге қанағаттанушылық дәрежесін анықтау үшін сарапшылар студенттермен кеңесулері мүмкін.

12. Сырттай сарапшыларды тартатын мектептер алынған түсініктемелерге ресми жауап береді және бағдарламалардың жыл сайынғы мониторингінің нәтижелері бойынша академиялық сапаны арттырудың жыл сайынғы жоспарына келісілген ұсынымдарды қамтиды.

13. Мерзімдік шолу. Мерзімдік шолу неғұрлым кеңейтілген уақыт шеңберінің шегінде бұдан әрі жан-жақты сырттай шолу жасау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, бағдарламалардың жыл сайынғы мониторингінің нәтижелері бойынша бағдарламаға енгізілген өзгерістердің әсерін бағалауға мүмкіндік береді. Мерзімдік шолу студенттердің оқу тәжірибесінің сапасын қамтамасыз етудің және кейіннен жетілдіру үшін мүмкіндіктерді айқындаудың негізгі тәсілдерінің бірі болып табылады. Осы процесс НУ-дың мектептеріне әдетте ұсынылатын білім беру қызметтерін талдауға, сыни тұрғыда бағалау мен үздіксіз жақсартуға, сондай-ақ жетекші сырттай және тәуелсіз сарапшылармен сындарлы диалогтан пайда алуға және, қажет болған жағдайда, тиісті шараларды қабылдауға мүмкіндік береді. Сырттай шолуды орындау жөніндегі нұсқаулық 2-қосымшада ұсынылған.

4. Аккредиттеу

14. Аккредиттеу – бұл ол арқылы институттар және/немесе білім беру бағдарламалары сапа стандарттарына сәйкестікке бағаланатын процесс. Аккредиттеу тұрақты негізде академиялық бағдарламалардың немесе институттың сапасын қолдауды қамтамасыз ету мақсатында кезең-кезеңімен жүргізіледі. Осылайша, ол сырттай шолу нысанының бірі және НУ-да құрылатын академиялық сапа жүйесінің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады.

15. Бағдарламаларды аккредиттеу (мамандандырылған аккредиттеу):

1) тәуелсіз, нақты және шынайы бағалауды ұсынады және білім беру бағдарламалары (бакалавриат немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейіндегі) сапасының халықаралық танылуы туралы айғақтайды;

2) талапкерлерге білім беру бағдарламасының тиісті кәсіптер талаптарына сәйкестігіне кепілдік беру арқылы табысты кәсіптік қызметке ықпал етеді (лицензиялау, тіркеу, сертификаттау);

3) Қазақстанда, сол сияқты шетелде білім беру бағдарламаларының / пәндерінің бәсекеге қабілеттілігін арттырады;

4) өзін-өзі бағалау және сапаны тұрақты арттыру процесіне оқытушы-профессорлар құрамы мен басқа қызметкерлердің қатысуын қамтамасыз етеді.

16. НУ-дың мектептері барлық академиялық бағдарламаларды аккредиттеуді қамтамасыз етулері тиіс (жекелеген пән саласында мамандандырылған аккредиттеу болғанда).

17. Мамандандырылған аккредиттеудің жекелеген бағдарламалар үшін қолданылмауы мүмкін фактісін ескере келе, институционалдық аккредиттеу ұлттық, сол сияқты халықаралық деңгейлерде де білім беру бағдарламалары, НУ ресурстары мен басқару жүйесі ретінде сенімділікті арттыру мақсатында НУ үшін басты міндет болып табылады.

18. Институционалдық бағалау бағдарламаларға сырттай шолуды қолдануға қажетті құрал болып табылады, оларды бағалау үшін аккредиттеу агенттіктері жоқ немесе олардың аясында Мектептер сырттай емтихан алушыларды тартпайды.

Академиялық процестерді
сырттай шолу саясатына
1-қосымша

Сырттай сарапшыларға арналған нұсқаулық

1. Сырттай шолу сапаға және берілетін дәрежелердің стандарттарға, студенттер үлгерімінің стандарттарына сәйкестік кепілдігі тетіктерінің бірі, сондай-ақ тәсілдердің бағалау процесіне пәрменділігінің кепілдігі болып табылады. Сонымен қатар, сырттай шолу жүйесі НУ Мектептерінің арасында үздік практиканы таратудағы қажетті құрал болып табылады.

2. Барлық сырттай сарапшыларға міндеттерді тиімді орындау үшін жеткілікті ақпарат ұсынылуы және қажетті қолдау көрсетілуі тиіс. Сырттай сарапшылар бағдарламаның құрылымымен, оқыту және білім беру әдістерімен, шолу жасалатын бағдарламада/пәнде (атап айтқанда, белгілерді қоюдың сәйкестігі және стандарттары) қолданылатын бағалау әдістерімен таныстырылуы тиіс. Сырттай сарапшылар оқу процесінің жоғарыда атап көрсетілген компоненттерін жақсарту бойынша түсініктемелер мен ұсынымдарды берулері тиіс (қажетіне қарай).

3. Сырттай сарапшыларға:

1) Мектептердің оқу процесі бойынша нұсқаулықтарына (Академиялық саясаттар мен рәсімдерді қоса алғанда);

2) бағдарламалар бойынша нұсқаулықтарға (бағдарламалардың құрылымын, оқыту мақсаттары мен нәтижелерін қоса алғанда);

3) пәннің сипаттамасына (оқыту мақсаттары мен нәтижелерін қоса алғанда);

4) бағалау әдістері туралы ақпаратқа (студенттерге берілетін пікірлер, бағалау критерийлері, дескрипторлар мен бағалар кестелері, белгілерді қою тәсілдері (мысалы, қойылған бағаларды растау);

5) емтихан жұмыстарының нобай нұсқаларына;

6) бағаланған емтихан жұмыстарына (тиісті үлгілер іріктемесі сырттай сарапшыларға берілуі тиіс);

7) жобалар бойынша диссертацияларға/есептерге (тиісті үлгілер іріктемесі сырттай сарапшыларға берілуі тиіс);

8) курстық жұмыстарға/аралық бағалануы тиіс басқа да жұмыстарға;

9) жұмыстарды ауызша қорғауға/кәсіптік лауазымға/тағылымдама және басқа да қорытынды бақылау түрлерін белгілеуге;

10) тиісті басшылық етуге/саясаттарға;

11) қорытынды емтихан комиссияларының жұмысына қатысты қарауға, түсініктеме немесе ұсынымдар беру мүмкіндігі берілуі тиіс.

4. Ескертпе: Мектептер осы Сарапшыларға арналған нұсқаулықты Мектептердің жеке талаптарына сәйкес одан әрі бейімдеп алуы мүмкін. Сырттай сарапшыларды оқу процесіне тартуға қатысты қосымша ережелер де Мектептердің қалауы бойынша енгізілуі мүмкін.

Академиялық процестерді
сырттай шолу саясатына 2-
қосымша

Сырттай шолуды орындау жөніндегі нұсқаулық

1. Аккредиттеу органдары мен сырттай емтихан алушылардың сараптамалық бағалауын тарту НУ-дағы оқу процесіне сырттай және объективті шолуды қамтамасыз етудің оңтайлы тәсілі болып табылады. Мектептер сырттай емтихан алушыларды тартулары және академиялық бағдарламаларды аккредиттеуден өткізуді қамтамасыз етулері тиіс (жекелеген пән саласындағы мамандандырылған аккредиттеу болған жағдайда).

2. Сырттай сарапшылар:

1) Мектептер сырттай шолудың ұсынылатын нысандарын қарастырулары және кейіннен іске асыру үшін қандай да бір нысанның пайдасына таңдау жасаулары тиіс. Осы шешім талқыланады және оны Провост бекітеді.

2) Мектептер сырттай емтихан алушыларды осы процеске қатысу үшін тартады. Олардың нақты міндеттерін (1-қосымша) Мектеп келіседі.

3. Бағдарламаларды бекіту:

1) Мектептер бағдарламалардың жыл сайынғы мониторингін жүргізу процесінде сырттай шолу жасау нысанын қолданулары тиіс.

2) Сырттай сарапшылардың пікірлері жаңа бағдарламаларды бекіту және қолданыстағы бағдарламаларға елеулі өзгерістер енгізу процесіне енгізілуі тиіс.

4. Бағдарламалардың жыл сайынғы мониторингі:

1) Сырттай шолу Мектептердің бағдарламалардың жыл сайынғы мониторингін жүргізу кезіндегі ажырамас процесі болып табылады.

2) Мектептер сырттай сарапшылардың пікірлері мен түсініктемелеріне ресми жауап берулері тиіс, ал келісілген ұсынымдар бағдарламалардың жыл сайынғы мониторингінің бөлігі болып табылатын сапаны арттыру жөніндегі жыл сайынғы жоспарға енгізілуі тиіс.

5. Аккредиттеу:

Мектептер білім беру бағдарламаларын аккредиттеуден өткізу мүмкіндігін тиянақты қарап, объективті қысқа мерзімдерде аккредиттеу органына өтініш беру үшін қажетті, тиісті іс-шараларды (өзін-өзі бағалауды қоса алғанда) орындау жөніндегі жоспарды әзірлеулері тиіс.

6. Мерзімдік шолу:

Сырттай сарапшылар Мектептердің мерзімдік шолу жүргізуі кезінде тартылады, олардың тікелей міндеттері НУ-дың сырттай шолу саясатына сай келуі тиіс.